

ӘОЖ 398.22(=512.1)

ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АНИМАЛИСТІК МЕТАФОРА

Негманова Диана Мұратқызы

didi_10_24_2000@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ орыс тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: проф.м.а. Б.С.Абдуова

Анималистикалық лексиканы зерттеген еңбектер ХХ ғасырдан басталады деуге болады. Жануарлар әлемі белгілі бір халықтың тілдік көрінісі мен менталитетін көрсетеді. Тіл ғылымының ежелгі тарихына жүгінсек, ХІ ғасырда өмір сүрген көрнекті түркітанушы, этнограф, тарихшы ғалым Махмұд Қашқари еңбегінде төрт түлік малға, оның түр-түсі мен ен-таңбаларына, ер-тұрмандарына т.б. қатысты атаулар мен тіркестер, мақал-мәтелдер келтірілген. Кейіннен жан-жануарлар атауларының бейнелі қолданысының кейбір аспектілері В.В.Виноградов, Н.Д.Арутюнова, Ю.Д.Апресян, В.Н.Телия, В.А.Маслова, А.С.Аманжолов, Ә.Т.Қайдар, Р.Ғ.Сыздық, Т.Д.Жанұзақов және т.б., ал ағылшын тіліне қатысты А.Д.Молчанова, Н.Д.Петрова, Г.С.Григорьева, В.В.Тимофеевна сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Жан-жануарлар атауларының әртүрлі метафоралық қолданысын салыстыра, салғастыра зерттеуге арналған Е.А.Гутман, Ф.А.Литвина, М.И.Черемисина, О.А.Рыжкина, С.К.Сансызбаева және т.б. еңбектері бар[1].

Анималистиканың, анимализмнің (латын тілінен *animal* – жануар) жалпы түрі ретінде бейнелік өнерінің жанры ретінде танылады. Оның негізгі нысаны – жануарлар, сурет өнерінің басты бейнесі – суреттер, мүсін және графика. Зоосимволистер түрлі халықтардың мәдениетінде жануарлар әлемінің тілдік көрінісін, ұлттық мәдениетін, әлем туралы түсініктерін танытады. Зоонимдер – жануарлардың тікелей номинативті мағынасындағы жеке аттары. Мысалы, елдік рәмізімізге жататын Қазақстанның туында ұшып бара жатқан қыранды көруге болады. Қыранның бейнесі мықтылықты, айбындылықты, еркіндікті, шабыттылықты, жеңісті, намысты, пайымдауды, апофеозды, патшаның тұқымын, билікті, күшті, жоғарылықты, ауаның дүлей күшін білдіреді. Көптеген аңыздар мен ертегілерде қыран күнге дейін жетіп, көзін жұмбай оған қарап, онымен қосыла алады деп беріледі. Туда бейнеленген қыран қазақ халқының рухын, күшін, қайтпас батылдығын білдіреді. Символика тілінде қыранның кескіні мемлекеттік билікті, кеңдікті және қырағылықты білдіреді. Шри-Ланканың мемлекеттік туының символы – қастане (*kastane*) қылышын ұстап тұрған алтын арыстан. Арыстан Шри-Ланка халқының батылдығын білдіреді, ерте кездегі түсінікте қылыш мемлекеттің өзін-өзі қорғай алатын қуатын білдірген. Испания атауының байырғы карфген тілінен аударғандағы мағынасы «Қояндар мемлекеті». Шынында да кезінде бұл жерде осындай кеміргіштер көп болған. Ор қояндар жергілікті тиындарда да бейнеленген [2].

Сонымен бірге жануарлар халықтың төл мәдениетінде зор рөл атқаратынын байқауға болады. Жануарлармен байланысты қала атаулары қазірге дейін көптеп кездеседі. Қазақстанның топономикасында жануарларға қытысты мынадай атаулар бар:

Гидронимдер-зоонимдер: Марқакөл (қазақша: марқа – «ягненок», көл – «озеро»), Текесу (қазақша: теке – «козел», су – «вода, ручей»), Қужатқан (қазақша: қу – «лебедь», жатқан – «водился»), Қояндығаш – қояндардың орманы, Шідерті – аттың жолы, шідерті ат, балшықты тау» деген мағынаны білдіреді.

Атбасар – Ақмола облысындағы тау, ат – лошадь, басар – топтать. Қазіргі осы аттас қала мал өсіретін аймақта пайда болған. *Бурабай* – Көкшетау облысындағы өзен, қазақ халқының танымында – қасиетті мекен. Аңыз бойынша бура (түйе) осы жерге келіп шөккен екен. Орысша атауы – Боровое.

Қазақ мәдениетіндегі анимализмдер

Қазақ халқы көшпелі болғандықтан, олар табиғатпен етене жақын жүрген, барынша қорғап, әрқашан оны аялаған. Олар оны тірі деп есептеген. Халқымыз құстар мен аралардың ұяларын бұзуға қарсы болған, ырымға жаман деп санаған. Сонымен бірге қазақ халқы өз балаларын «Ботакөз», «құлыншағым», «қозым», «ботам», «балапаным», «құлыным», «төлбасым» деп еркелетіп айтатын. Тұрмыста сиыр, қой, түйе, арқар және т.б. жануарлардың белгілі бір элементтері әсемдік, сәндік бұйымдардың бірқатарын құраған. Ат – ер қанаты деп санай отырып, оны тасымалдау құралы ретінде де пайдаланған. Осы жылқыға қатысты қазақ әдебиетінде түрлі тұрақты сөз тіркестері көп. Мысалы: «адам жылқы мінезді» (адам мінезінің жағымды жағы); «ат мінгізіп, тон кигізді» (қазақ халқының қоңақжайлылығы); «бие байланған кез» (уақыт); «үйір-үйір жылқы» (сандық мағынада); «аузымен құс тістеген» (жүйріктік), «шу асау» (еркіндік), «құлын мүшесі бұзылмаған» (адамның сұлулығы);

Сонымен бірге көптеген қазақ шығармаларында жылқының бейнесін көруге болады. «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ертөстік», «Керқұла атты Кендібай», «Қыз Жібек», «Ақырғы бәйге», «Ақ боз ат» секілді шығармаларда қасиетті жануар ретінде суреттеледі. Қолға бөлтірік кезінде түскенмен, ашулы қасқырлығын жасайтын қасқырдың бейнесі М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасында; мысық пен сиырдың бейнесі «Мақта қыз» ертегісінде; «Сырттандар» ертегісіндегі қасқыр мен ит бейнесі, «Алтын сақа» ертегісіндегі құстар және көптеген жануарлардың бейнесін «12 ай» ертегісінде кездестіруге болады [3]. Қандай халықты алсақ та, жан-жануарлар атауларына қатысты сөз оралымдарының шығу төркіні сонау тереңде жатқан, тарих қаттауынан орын алған, көзден таса, көңілге жат болған тарихи оқиға, наным-сеніммен т.б. астасатынын байқауға болады. Қазақ халқының сөз қолданысы өз шаруашылығына, кәсібіне, мекен-жайына, заңына, дәстүріне, дүниетанымына байланысты болып келеді.

Орыс мәдениетіндегі анимализмдер

XX ғасыр жазушылары – В.В. Бианки, О.В. Перовская, Е.И. Чарушин, М.М. Пришвин, И.С. Соколов-Микитов және т.б. табиғат пен жануарлар байланысын сипаттайтын шығармалар жазды [3]. Орыс ауыз әдебиетінде көптеген тұрақты сөз тіркестері жануарларға қатысты болып келеді, мысалы: «труслив как заяц» (қорқақтық); «волчий аппетит» (аштық); «как медведь до меда» (ашкөздік); «как корова на льду» (икемсіздік); «устал как лошадь» (еңбекқорлық); «упрямый как баран» (адам мінезі); «собаку съел» (ақылдылық); «хитер как лиса» (қулық); «львиная доля» (ауқымдылық); «кот в мешке» (белгісіздік); «глупый как осел» (ақымақтық); «здоровый, как бык» (күш) секілді тұрақты тіркестер адам сипатын танытуға қызмет етеді.

Ағылшын мәдениетіндегі анимализмдер

Ағылшындықтар барлық жануарларды жақсы көретіндігімен ерекшеленеді. Ағылшын қалаларындағы жануарлар әлемінің алуандығы таң қалдырады. Қала үйлерінің қасында түлкілер, қояндар, жанаттар, борсықтар, кірпілер, шілдер, қырғауылдар және тағы да басқа жабайы жануарлар өмір сүреді. Қол тиіндері аулаларға дәндер жеуге кіріп жүреді.

Сондықтан да болар, ағылшын халқының тіл мәдениетінде жануарларға қатысты тұрақты тіркестер ерекше мол[4]. Мысалы:

■ **түлкінің алдампаздығы** (cunning as a fox – алдампаз),

■ **жапалақтың парасаттылығы** (wise as an owl – парасатты),

■ **бұғының жылдамдығы** (run like a deer – оқ секілді атылу, a quick buck – жылдам және тез ақша табу),

■ **қыран мен қаршығаның қырандылығы** (an eagle eye – көз өткірлігі, watch smb like a hawk – біреуден көз алмау),

■ **сауысқанның мылжындығы** (chatter like a magpie – мылжын),

■ **аққудың сұлулығы** (all his geese are swans – ол барлығын әсемдейді),

■ **қозының момындығы** (as gentle as a lamb – момын).

Егер салыстыратын болсақ, онда үш түрлі мәдениеттегі әртүрлі таным мен салыстыруды, көзқарасты байқаймыз.

Білім алушылар арасындағы сауалнама

Біз екі мәдениеттегі (қазақ, орыс тілдерінің) жануарларды қабылдау туралы ұлттық таным сипатын анықтау мақсатында студенттер арасында (25 адам) сауалнама алдық. Біз мақал-мәтелдер және көркем шығармаларға сүйене отыра, қазақ және орыс мәдениеттеріндегі жануарларға байланысты жағымды және жағымсыз мінездемелерді белгілеуді сұрадық. Сауалнама қорытындысы бойынша жағымды жануарлар қатарына *аю, ит, мысық, кірпі, сиыр, жылқы, арыстан* жатады. Мысалы: орыс мәдениетінде **аю** бейнесі батылдық және орман күзетшісі ретінде; **кірпі** салмақты мінезімен, **ит** бейнесі адалдықпен, **мысық** өз тазалығымен, **тиін** бейнесі еңбекқорлықпен (бұны орыс фразеологизмі растайды, яғни орыс халқында «белка в колесе» деген ұғым бар) байланыстырылады екен.

Қазақ, орыс және ағылшын мәдениеттеріндегі анимализмдер өзінің сан түрлі бейнелі образ беруімен қызықты екендігіне көз жеткіздік. Егер оларды қысқаша сипаттайтын болсақ:

■ Қазақ халқы мал мен үй жануарларына ерекше көңіл бөлетіндігі дәстүрлерінен де, әдебиеті мен мәдениетінен де байқалады. Себебі бұл жануарлар халқымыздың төл мәдениеті мен ұлт ретіндегі болмысын сипаттайды.

■ Орыс халқының мәдениеті көбінесе қасқыр, түлкі, тиін және басқа да жабайы жануарлармен сипатталады. Олар тұрмыста, өмір сүру салтында жануарларды аса киелі санамайды. Мысал жанрларында астарлы бейне ретінде суреттейді.

■ Ағылшындықтар барлық жануарларды жақсы көреді, дегенмен оларға аса көп мән бермейді. Олар мысық пен ит секілді үй жануарларын серіктестік үшін асырайды. Ауыз әдебиеті жанрларында түрлі пайым бейнесі ретінде сипатталады.

Жануарлар біздің дүниеге көзқарасымызда маңызды рөл атқарды. Әлемнің тілдік бейнесіндегі жануарлардың тура, жасырын, астыртын, көркемдік, метафоралық сипаттары шығармашылық шабытқа арқау боп келеді. Осы жұмысымызда жануарлардың үш тілдегі рөлі мен дүниетанымға әсерін, оның тарихпен, күнделікті өмірмен, халық рухымен байланысын қарастырдық. Халық мәдениетінің көрінісін әдеби шығармалардағы бейнелер мен тұрақты сөз тіркестері танытатынын ескерсек, онда ауқымды бір саласын жануарларға қатысты анимализмдер алатынына көз жеткізуге болады. Қазақ мәдениеті көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты болғандықтан ата-бабаларымыз үй жануарлары мен тағы аңдарға деген ерекше көзқараста болған, олардың кейбірін қасиетті санап, атуға, өлтіруге тиым салған. Тарихи дереккөздерден бұрынғы кезде орыс мәдениетінде, әдебиетінде үй жануарларына аса назар аударылмағанын байқауға болады. Орыс халқының мінезін аю, түлкі, қасқыр және т.б. жабайы жануарлармен көбірек байланыстырғанын мысалдардан, ертегілерден аңғаруға болады. Ал ағылшындықтар жануарлардың барлық түрін жақсы көретіндігі, қалаларындағы жануарлар әлемінің көп түрлілігі таң қалдырады. Қалалық үйлердің жаңында түлкілер, қояндар, жанаттар, борсықтар, кірпілер, қырғауылдар және т.б. жабайы жануарлар жүреді. Дегенмен олардың мәдениетінде белгілі бір жануар түріне ерекше құрмет көрсетілмейді. Ауыз әдебиеті мен заманауи мәдениетінде жануарларға

қатысты тілдік қолданыстар көп кездесетіндігі ағылшындықтардың ұлттық ерекшелігін танытады.

Қорытындылай келе, адамның өмірге деген көзқарасы, философиялық пайымдаулары олардың таным әрекетін, дүниенің жалпы болмыс-бітімін көрсетеді. Материалдық және идеалдылық келбет халықтың тұрмыс-тіршілігінің тілде көрініс табуынан байқалады. Үш халықтың да идиомалық мағынаға негізделген анималистик метафорасы тілдік бейнелердің жиынтығын, еркін және ауыспалы мағыналы тіркестерін біртұтас етіп бейнелі образ жасайтын ассоциативтік қатынас құрайды. Тілі, ділі, мәдениеті, дүниетанымдық көзқарасы осы халықтардың жан-жануарлар атауларына қатысты тілдік оралымдарын бейнелі ете түскен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров А.Т. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, связанных со скотоводством в казахском языке//Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы, 1998.
2. Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері //канд.дисс. – Алматы, 2003.
3. Горо М. Русская фразеология с компонентом названием животного мира в аспекте лингвострановедения //автореф: канд.филол.наук. – М., -1992., 20 с.
4. Словарь идиом английского языка. 2008 <http://www.schoolife.ru>